

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2020 жылғы «5» ақпандағы  
№ 51 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
2013 жылғы 3 сәуірдегі  
№ 115 бұйрығына 548 -қосымша

**Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)**

**1 - тарау. Жалпы ережелер**

1. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 6) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Бағдарлама мақсаты - жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың ауызша және жазбаша сөйлеудің тәжирибелік дағдыларын меңгеру үшін қажетті грамматика, орфография және пунктуация бойынша қарапайым білімдерін қалыптастыру.

3. Бағдарлама міндеттері:

1) айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын дамыту;  
2) тілдің дыбыстық құрамын, грамматика және жазу бойынша қарапайым мәліметтерді меңгеру негізінде сауатты жазудың дағдыларын қалыптастыру;

3) өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дәйекті және дұрыс баяндауға үйрету;

4) қарапайым орфографиялық және пунктуациялық ережелерді практикалық түрде меңгеру;

5) білім алушылардың сабаққа, ересектермен және сыныптастармен қатынас жасауға қызығушылығын дамыту;

6) білім алушыларға қазақ тілі мен әдеби мұрасын меңгертіп, ана тілі мен туған халқының мәдениетін құрметтеуге үйрету.

4. Түзете-дамыту міндеттері:

1) білім алушылардың ақыл-ой және сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету, танымдық іс-әрекетінің жетіспеушіліктерін жеңу;

2) сөз байлығын дамыту, жетілдіру;

3) дербестікті, ұқыптылықты, жауапкершілікті қалыптастыру;